

КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒО

Нүркен Әбдіров

Үстіміздегі жылдың мамыр айында Ұлы Жеңіске 56 жыл толады. Ал маусымның 22-сі күні Отан соғысының басталғанына 60 жыл болады. Адамзат баласының тарихында, бұрын-соңды болмаған бұл қырғын қаңсама адамның ғұмырын қиды. Жиырма миллионға жуық адам майдан далаларында, концлагерьлерде шәйіт болды. Соғыс жылдарындағы газет беттерін парақтап отырып, сол кездегі қарапайым адамдардың жалғыз мақсат ұстанғанын — жауды жеңуді ғана мұрат тұтқанын аңғарамыз. Олар — заводтар мен фабрикалардың жұмыскерлері, ауыл шаруашылығының еңбеккерлері, Отанымыздың бір қадам жері үшін қасықтай қанын қиған майдангерлер...

Ұлы майданда ерлікпен қаза тапқан қаһармандарымыздың бірі — Кеңестер Одағының Батыры Нүркен Әбдіров.

Нүркен туралы жас ұрпақ жеткілікті біле бермесе де, орта буын өкілдері оның ерлікке толыққа ғұмыр тарихына қанық. Оның ерлігін мақтан тұтып, жас ұрпаққа өнеге-тағылым етумен келеді. Қарағандыдағы ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым

етпейтін жерлестері өте сирек. Нүркен жайлы көркем шығарма да, естеліктер мен зерттеу мақалалар да көп жазылды. Оның болмыс-бітімі мен асқақ бейнесі жап-жақсы сомдалды. Соңда да Нүркен жайлы бүгінгі ұрпаққа беймәлім кейбір мәселелер бар дегенге біреу сенбес, біреу сенер. Ал, шын мәнісінде, бұл деректің ақиқаттығына соңғы жылдары ғана көз жеткізгендейміз.

Сонымен мұрағат құжаттарына құлақ асайық. Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатында 1939 жылы 20 тамызда Нүркеннің қолымен жазылған жеке басының ісі сақталыпты. Онда Нүркен өзі туралы бірсыпыра дерек жазып қалдырған екен. Соғысқа дейін ол қалалық денсаулық сақтау бөлімінің жұқпалы аурулар ауруханасында медстатист, № 1 шахтада кітапхана меңгерушісі және облыстық прокуратурада іс меңгерушісі болып қызмет атқарыпты. Біраз уақыт қалалық прокуратурада халық тергеушісі болыпты. Осы қызметте жүріп, 1940 жылы ұшқыштар училищесіне қабылданған. Басында Ташкентте, одан кейін Новосибирскіде оқиды. Училищені бітіргеннен соң 267-дивизияның 808-шабуылшы ұшқыштар полкінің құрамында майданға аттанады. Кім біледі, егер лагнет



жауғыр соғыс басталмағанда Нүркен қазақтың тұңғыш ғарышкері болар ма еді? Өйткені, ол тірі болғанда жеткен биігінде қалмай, аспан әлемін табындыру үшін білімі мен білігін жетілдіре түсері хақ. Бұған Нүркен өмірінің, майдан даласынан жазған хаттарының, өмірге деген құштарлығының кейбір сәттері дәлел бола алады?..

1943 жылы 31-наурызда ерлікпен қаза тапқан Нүркен Әбдіровке Кеңестер Одағының Батыры атағы берілуіне орай Қарағанды қалалық прокуратура қызметкерлерінің жалпы жиналысы болған екен. Жиналыс қарарында не жазылған, енді соған назар аударалық.

Нүркен Әбдіров Қызыл Армия

ұшқыш қана емес...

қатарына шақырылғанға дейін Қарағанды қаласы Сталин ауданында халық тергеушісі болып қызмет етуіне байланысты, біздің ұжыммен тығыз байланыста болды. Ол неміс-фашист басқыншыларымен соғыста батырлық пен ерліктің үлгісін көрсетіп, нағыз хас батырларша Отаны үшін қаза тапты. Нүркенді есте қалдыру үшін мынадай шұғыл шаралар қолға алынысын:

1. Нүркен Әбдіров туралы аудандық прокурорларға хат жазылсын.

2. «Социалистік Қарағанды» газетіне Н. Әбдіров туралы естелік жариялансын.

3. Әбдіровпен прокуратурада бірге қызмет істеген Үйсімбаев, Тілеубеков, Сквирин, Шакиров ұжымы атынан Нүркен Әбдіров отбасымен хабарласып, көмек жасалсын.

4. Кеңестер Одағының Батыры Нүркен Әбдіровтің суреті облыстық прокуратура ғимаратына ілінсін.

Біздің бұрынғы қызметкеріміз, Кеңестер Одағының Батыры Нүркен Әбдіровтің есімін есте қалдыру үшін біз, прокуратура қызметкерлері, қарқынды еңбек

етуге, жұмыс сапасын жақсартуға, еңбек тәртібін нығайтуға міндеттеме қабылдаймыз және әрқайсымыздың және баршамыздың темірдей тәртібіміз кеңестік тыл жетістіктерін молайтып, біздің Қызыл Армияны одан әрі айбынды ете түссін. Барлығы да майдан үшін, барлығы да Жеңіс үшін!..»

Бұл қарардың түпнұсқасы Қарағанды облыстық мұрағатында сақтаулы.

Нүркен Әбдіровтей батыр ұланның өмірбаянындағы осы бір деректер күні бүгінге дейін толық зерттеліп, зерделенді дей алмаймыз. Қазақтың батыр ұлының өміріндегі осы бір кезең туралы бізге облыстық және қалалық прокуратура қызметкерлері де атсалысса, Батыр алдындағы ұрпақ парызы мен қарыздың бір өтеуі қайтар еді деп ойлаймыз.

А.ЕРЖАНОВ,
облыстық соттың
баспасөз хатшысы.

А.ТҮСПЕКОВА,
«Лингва» тілдер және
аударма институтының
оқытушысы.

ҚАРАҒАНДЫ.